

**"Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1458
қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 шілдедегі № 901 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесін бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1458
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 51, 681-құжат)
мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында аң
аулау ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	2 шілдедегі
№ 901 қаулысына	
қосымша	
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2004 жылғы	31 желтоқсандағы
№ 1458 қаулысымен	
бекітілген	

Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында аң аулауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін регламенттейді.

2. Аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін мекендейтін ортасынан алу жүзеге асырылатын жануарлар дүниесін арнайы п а й д а л а н у т ү р і .

Олжалау мақсатымен жануарлар дүниесі объектілерін іздеу, анду және ізіне түсу, олжалауға әрекет жасау, аңшылық алқаптарда адамдардың қабынан алынған аңшылық атыс қаруымен және аң аулаудың басқа құралдарымен немесе олжаланған аңшылық өнімімен, қарғыбауы алынған аң аулайтын иттермен және аушы жыртқыш құстармен не осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген аң аулаудың басқа құралдарымен белгіленген аң аулау мерзімнен тыс кезде жүруі аң а у л а у ғ а т ең е с т і р і л е д і .

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты (бұдан әрі – рұқсат) жоқ болған кезде көлік құралдарындағы және аялдау орындарындағы жануарлар немесе олардың бөліктері мен дериваттары заңсыз олжаланған өнімге теңестіріледі.

3. Аң аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кәсіпшілік аң аулау;

2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау, оның ішінде ұлттық аң аулау.

4. Кәсіпшілік аң аулау - кәсіпкерлік қызмет мақсатында аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау.

5. Әуесқойлық (спорттық) аң аулау – спорттық, эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында және олжаланған өнімді жеке пайдалану үшін аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау.

Ұлттық аң аулау – аушы жыртқыш құстарды және аң аулайтын иттердің ұлттық тұқымдарын пайдаланып, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау.

6. Аңшылық алқаптар – бұл аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылуы мүмкін аң аулау объектісін білдіретін жануарлар түрлерінің тіршілік ортасы болып табылатын аумақтар мен а к в а т о р и я л а р .

7. Аңшылық алқаптар:

1) аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілген;

2) аңшылық алқаптардың резервтік қорындағы аң аулау және аңшылық

шаруашылығын жүргізу үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілмеген ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аңшылық шаруашылығын жүргізуге және аң аулауға жол берілетін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан жерлер болып бөлінеді.

8. Егер жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) өзгеше белгілемесе, аң аулау бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жүргізіледі.

9. Қазақстан Республикасында оның аумағында тұратын немесе келетін, он төрт жасқа толған жеке тұлғалар (бұдан әрі – аңшы) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап бойынша емтихан тапсырғаны және аң аулау құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік баж төленгені туралы белгісі бар аңшы куәлігі мен рұқсаты болған жағдайда осы Ережеде рұқсат етілген олжалау құралдарын, аң аулайтын иттер мен аушы жыртқыш құстарды қолданып аң аулау құқығына ие болады. Бұл ретте аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулау құқығына он сегіз жасқа толған жеке тұлғалардың аңшылық атыс қаруын сақтауға және алып жүруге рұқсаты болған жағдайда ие болады.

10. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағында бекітіп берілген аңшылық алқаптарда ғана аң аулауға, осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шартының болған кезде және тұрғылықты елінде берілген олардың аң аулау құқығын куәландыратын құжаты және рұқсаты, сондай-ақ аңшылық атыс қаруы мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге ішкі істер органдарының рұқсаты болған жағдайда құқығы болады.

11. Жануарларды олжалау құралдары аңшылық атыс қаруы, аушы жыртқыш құстар, аң аулайтын иттер және аң аулаудың түріне байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған барлық техникалық құралдарды қолдана отырып жануарлар олжаланатын құралдар болып танылады.

12. Аң аулау өнімдері болып жануарлардың терілері (мамық жүнді тері, тері шикізаты, құстардың терісі), олардың еті, майы, қауырсыны мен мамығы, бұғы мүйізі, жұпары, өті, бас сүйектері, мүйіздері (табиғи жолмен тасталған немесе мерт болған жануарлардан басқа), азу тістері және жануарлар денесінің басқа да бөліктері, құстар мен бауырымен жорғалаушылардың жұмыртқалары, сондай-ақ ауланған жануарлардың өздері танылады.

Аңшылық олжаларын жинау мақсатында жануарлар дүниесінің объектілерін алу кезінде осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес аң аулау хаттамалары және осы Ереженің 3 – 10-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша жануарлар түрлеріне олжалау парақтары толтырылады.

13. Аң аулау кезінде аңшылық алқаптарды тұрмыстық және кәсіпшілік қалдықтарымен, тастанды заттармен ластауға жол берілмейді.

2. Аң аулау тәртібі

14. Аң аулау уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері беретін аң аулауға тиісті рұқсаттың негізінде жүргізіледі.

Көктемгі аң аулауды жүргізу кезінде аталық үйректер олжалауға аңшыда алдамшы үйрек немесе тұлыптар болған жағдайда жол беріледі.

15. Кәсіпшілік аң аулауға аңшыда мынадай құжаттар:

1) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап бойынша емтихан тапсырғаны және аң аулау құқығына рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасы белгілеген мемлекеттік бажды төлегені туралы белгісі бар аңшы к у ә л і г і ;

2) р ұ қ с а т ;

3) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген Қазақстан Республикасы ішкі істер о р г а н д а р ы н ы ң р ұ қ с а т ы ;

4) аушы жыртқыш құстармен аң аулаған кезде – белгіленген тәртіппен берілген оларды тіркеу туралы құжаттар;

5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасалған шарттар;

6) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамалары;

7) кәсіпшілік журналы болған кезде жол беріледі.

Кәсіпшілік аң аулаудың ұжымдық (топтық) нысаны кезінде аңшылық шаруашылығы субъектісі рұқсатты пайдалану үшін жауапты тұлға тағайындайды

16. Әуесқойлық (спорттық) аң аулауға аңшыда мынадай құжаттар:

1) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап бойынша емтихан тапсырғаны және аң аулау құқығына рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасы белгілеген мемлекеттік бажды төлегені туралы белгісі бар аңшы к у ә л і г і ;

2) р ұ қ с а т ;

3) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамалары;

4) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген Қазақстан Республикасы ішкі істер о р г а н д а р ы н ы ң р ұ қ с а т ы ;

5) аушы жыртқыш құстармен аң аулаған кезде – белгіленген тәртіппен берілген оларды тіркеу туралы құжаттар болған кезде жол беріледі.

Тұяқты жануарлар мен аюды әуесқойлық (спорттық) мақсатта аулаудың

ұжымдық (топтық) нысаны кезінде рұқсатты пайдалануға жауапты аңшының деректері рұқсаттың бет жағына, ал қалған қатысушылардың деректері олардың аңшы куәліктерінің нөмірлері көрсетіліп, сырт жағына енгізіледі.

17. Тұяқты жануарлар мен қоңыр аюды олжалау қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың қатысуымен жүргізіледі.

18. Тұяқты жануарлар мен қоңыр аю олжаланғаны туралы белгіні осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген адамдар атып алғаннан кейін, жануарлардың басқа түрлері олжаланғаны туралы белгіні аң аулау аяқталғаннан кейін күн сайын не келесі аң аулау орнына ауысқан кезде сол күні қорықшы немесе ол болмаған кезде аңшының өзі рұқсатқа, егер бұл рұқсат нысанында көзделген болса, жолдамаға, ал кәсіпшілік аң аулау кезінде – кәсіпшілік журналына белгі жасайды.

19. Қасқырларды, шибөрілерді және сұр қарғаларды олжалауға:

1) жануарлар дүниесін қорғауды уәкілетті органның және оның мамандандырылған ұйымдарының лауазымды тұлғалары, сондай-ақ аңшылық шаруашылығы субъектісінің қорықшылық қызметі қызметтік қаруды пайдаланып және авиа, автомото, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы пайдаланып жүзеге асырған;

2) жануарлардың басқа түрлерін аулауды аң аулауға берілген рұқсат қолданылатын аңшылық шаруашылығы субъектісінің аумағында жүргізілген (авиа, автомото, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы пайдаланбай) кезде рұқсат талап етілмейді.

20. Аң аулау:

1) тегіс ұңғылы аңшылық атыс қаруын;

2) ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын (құстардан басқа);

3) қолдан жасалған құралдарды (қапқандарды, тұзақтарды, салмақты қысқышты, қаусырманы);

4) аң аулайтын иттер мен аушы жыртқыш құстарды қолданып жүргізіледі.

21. Ірі жыртқыш жануарларды және саны реттелуге жататын жануарларды аң аулау мерзімінен тыс кезде олжалау Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының негізінде жүргізіледі.

22. Жолдаманың қолданылу аумағынан тыс жерде аң аулайтын иттерді іздеп, шақыру кезінде аңшы аңшылық атыс қаруының оғын алып, бөлшектейді.

23. Жолдаманың қолданылу аймағынан тыс жерде жараланған тұяқты жануарлардың, аю мен қасқырлардың ізіне түсуге және оларды жинап алуға жараланған жануар аңшылық алқаптарында жүрген аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті тұлғасының келісімімен жол беріледі.

24. Аң аулау аяқталғаннан кейін, аң аулау аралығындағы үзілістерде, бір

жерден екінші жерге көшкен кезде, сондай-ақ уәкілетті тұлғалар аңшының аң аулауының заңдылығын тексеруі кезінде аңшылық атыс қаруы оғы алынған кү й г е к е л т і р і л е д і .

Мылтық қарудың оқ ұясында және оқшантайында оқ болмаған кезде оғы алынып тасталған болып есептеледі.

25. Ен салынған (сақина, микрочип салынған) құстарды немесе сүтқоректілерді олжалау кезінде олжалаудың күні мен орны көрсетілген ақпарат, сақина, микрочип және басқа да белгілер кейіннен ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға одан әрі беру үшін аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті тұлғасына немесе уәкілетті органның аумақтық б ө л і м ш е с і н е б е р і л е д і .

26. Мына жағдайларда:

1) аңшы куәлігінсіз;

2) аңшы куәлігінде тиісті жылға аң аулау құқығына рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгілеген мемлекеттік баждың төленгені туралы белгісіз;

3) ішкі істер органдарының аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген рұқсатынсыз, ал шетелдік азаматтарға - ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге аңшылық атыс қаруын әкелуге және әкетуге берген рұқсатынсыз;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуден өткізілмеген аушы жыртқыш құстармен;

5) егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аңшылық алқаптардың резервтік қ о р ы н д а ;

6) аңшылық шаруашылығы субъектісімен шарт жасаспай кәсіпшілік мақсатта ;

7) қолданылуы осы Ережеде көзделмеген олжалау құралдарымен;

8) тегіс ұңғылы аңшылық қаруын қолданып, елді мекендердің жерлерінде, сондай-ақ олармен іргелес аумақтарда, олардың айналасында екі шақырым және ойық ұңғылы аңшылық қаруын қолданып үш шақырым радиуста;

9) уәкілетті органның рұқсатынсыз өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс ж е р л е р і н д е ;

10) өнім жинау аяқталғанға дейін ауыл шаруашылығы дақылдары егілген ж е р л е р д е ;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғатты пайдаланудың жекелеген түрлеріне жол берілетін аумақтарды қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;

12) қозғағышын іске қосып, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, қарда жүретін техниканы (қасқыр аулауды қоспағанда), шағын көлемді кемелерді, әуесқойлық (спорттық) мақсаттарда;

13) алкогольмен немесе есірткі заттармен масаю немесе өзге де түрдегі интоксикация жағдайындағы адамның;

14) мүшкіл және дәрменсіз күйге ұшыраған (дауылдан, су тасқынынан, өрттен бас сауғалаған, су айдындары арқылы жүзіп өту кезінде, көктайғақта, аштықтан тұралаған, жылым суларды паналаған суда жүзетін құстарға) жануарларға;

15) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне (оларды Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес олжалау жағдайларынан басқа);

16) өзен құндызына, кәмшатқа, күзенге, су тышқанына аңшылық қаруды қолданып;

17) кейіннен қалпына келтіре отырып, аң аулайтын иттерді құтқару үшін індерді қазуды қоспағанда, жануарлардың тұрағын бұзып және зақымдап;

18) өзен құндызы тұрғызған бөгеттерді бұзып;

19) түнгі көздеуіштерді және дыбыссыз атуға арналған құрылғыларды, лазерлік нысана көрсеткіштерді қолданып;

20) жарықтандыру аспаптарын қолданып;

21) дыбыс шығарғыш электрондық құрылғыларды қолданып;

22) пневматикалық, лақтыратын қаруды қолданып (жануарлар дүниесі объектілерін имобилизациялауға және егуге байланысты ғылыми-зерттеу және алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін садақтар мен арбалеттерді пайдаланудан басқа);

23) сауыт бұзатын, өртегіш немесе жарғыш қуаты, ауыртпалық орталығы ауыстырылған оқтары бар патрондарды қолданып;

24) тегіс ұңғылы аңшылық мылтығына қолдан жасалған иір ойықты салмалы (қосалқы) ұңғыны қолданып;

25) бос жерлерді, су бетіндегі өсімдіктерді жағумен, басқа да өсімдіктерді түбірімен қопарып және жойып;

26) өздігінен атылатын қаруды, қысқышты, қаусырманы, қапсырманы, кескішті қолданып, құлама, аулау орларын құрып, адам байқамайтын айқындаушы белгілерінсіз ірі қақпандарды, шатырларды, бастырмаларды, ілмектерді, найзаларды, сүңгі құс желімін орнату жолымен, түтін салып, жылтыр мұзға, қатқыл мұзға, терең қарға және топырағы жабысқақ сортаңға, шабылған камысқа айдап шығарып, аюды, тұяқты жануарларды және құстарды аулау кезінде қақпанды қолданып, қоршауға алып, тағамен аулап;

27) торларды қолданып; су құю арқылы інінен шығарып (уәкілетті органмен

келісім бойынша жабайы жануарларды мекенін ауыстыру немесе оларды қолда ұстау үшін оларды аулауды қоспағанда);

28) жарылғыш құрылғыларды, химиялық және улы заттарды қолданып, уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша тышқан тектес кеміргіштерді (саршұнақтарды, сұр егеу құйрықтарды, аламандарды) жойған кезде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа аурулары жағдайында улы химикаттарды қолдануды қоспағанда;

29) жануарлар түрлерін рұқсатта көрсетілген мөлшерден тыс және рұқсатта көрсетілмеген жануарлардың басқа түрлерін олжалау жолымен;

30) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасынсыз;

31) басқа елдерден әкелінген аушы жыртқыш құстарды пайдалана отырып аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлеріне;

32) бүйірден (сақинадан) от алатын оққа арналған бес бүтін оннан алты миллиметр калибрлі иір ойықты қаруды қолданып, әуесқойлық (спорттық) мақсатта с у ы р ғ а ;

33) қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектор бастап жүрмей тұяқты жануарлар мен қ о ң ы р а ю ғ а ;

34) көктемгі аң аулау кезінде аталық үйректі алдамшы үйрексіз немесе т ұ л ы п с ы з а у л а у ;

35) тыныштық аймақтары мен өсімін молайту учаскелерінде аң аулауға тыйым салынады.

3. Аң аулауды жүргізу мерзімдері

27. Жануарлардың таралымдарын сақтау, олардың өсімін молайтуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету және шаруашылық пайда табу мақсатында Қазақстан Республикасында осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес аң аулау мерзімдері белгіленеді.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері аң аулауды ашу туралы және өңірдің табиғи-климаттық жағдайларына байланысты осы Ережеде белгіленген мерзім шегінде көктемгі аң аулаудың басталуын күнтізбелік 15 күнге дейін неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру туралы да шешім қабылдайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
а у м а ғ ы н д а а ң а у л а у е р е ж е с і н е
1-қосымша

**Шетелдіктердің қатысуымен аң аулауды ұйымдастыру туралы
ҮЛГІ ШАРТ**

_____ (елді мекеннің атауы)

_____ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «аңшылық ісін пайдаланушы» деп аталатын _____ аңшылық шаруашылығы субъектісі бір тараптан және бұдан әрі «аңшы» деп аталатын шетелдік азамат _____ екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың нысанасы

1. Осы Шарттың нысанасы аңшылық ісін пайдаланушыға бекітіп берілген _____ аңшылық алқаптар аумағында (аңшылық шаруашылығының атауы) Аңшылық ісін пайдаланушының аңшының қатысуымен аң аулауды ұйымдастыруы болып табылады.

2. Тараптардың міндеттері

2. Аңшылық ісін пайдаланушы:

1) шетелдіктердің қатысуымен аң аулау үшін рұқсат алуға уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өтінім (бұдан әрі – өтінім) беруге;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алуға;

3) аңшыны аңшылық атыс қаруын және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге ішкі істер органдарының рұқсатымен қамтамасыз етуге;

4) аңшы аңшылық шаруашылығына келгенде оның Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығын беретін құжаттарының бар - жоғын _____ тексеруге;

5) аңшымен аң аулау кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде нұсқама өткізуге;

6) аңшыға ол тиісті ақысын төлегеннен кейін жануарлар дүниесін пайдалануға _____ рұқсат _____ беруге;

7) аңшылық ісін пайдаланушының қызметкерлерінен аң аулаудың басшысы мен жолсеріктер тағайындауға, аң аулаудың Қазақстан Республикасының аумағында аң аулаудың қолданыстағы нормалары мен ережелерін сақтай отырып жүргізілуі үшін барлық қажетті шараларды қолдануға;

8) аң аулауды өткізу шарттарын (аң аулауды өткізу орыны мен уақыты) айқындауға;

9) аңшыны санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, қажет болған жағдайда – медициналық көмек көрсетіп, аңшылық үйшіктеріне немесе

дала қостарына орналастыруды, олардың тынығуын, тамақтануын ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

10) әрбір аңшылық сапардың нәтижелерін аң аулаудың басшысы мен аңшы қол қоятын аң аулау хаттамасында көрсетуге және қажет болған жағдайларда әрбір ауланған олжаға олжалау парағын толтыруға;

11) аңшыға қажет болған жағдайда шарттық ережелермен автотокөлік, салт аттар беруге;

12) аңшыны олжаланған өнімге берілетін ветеринариялық куәлікпен қамтамасыз етуге;

13) олжаны бастапқы өңдеуден өткізуге;

14) қаруды сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Аңшы :

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы аң аулау ережесінде (бұдан әрі – Аң аулау ережесі) көзделген құжаттарды өзімен бірге алып жүруге;

2) Аң аулау ережесімен, қауіпсіздік шараларымен және аңшылық ісін пайдаланушының ішкі тәртібімен танысуға және сақтауға;

3) жануарлар дүниесін пайдалану және көрсетілетін қызметтер үшін төлемақыларды дер кезінде төлеуге;

4) өзі аулаған олжаны оның сапасына қарамастан (мүйіздерінің, бас сүйегінің, азу тістерінің мөлшері мен салмағына, терісінің көлеміне және т.б.) қабылдауға міндеттенеді.

3. Тараптардың қаржылық қатынастары

4. Аңшылық ісін пайдаланушының аңшы пайдаланатын үй-жайларды, көліктерді, аттарды бергені үшін төлемақы тараптардың жеке келісімімен а й қ ы н д а л а д ы .

5. Аңшылық ісін пайдаланушы аңшымен шарт ережелері бойынша бөлек төлемақыға осы шартта айтылмаған қосымша қызметтерді көрсете алады.

6. Аң аулаудың әрбір сапарына немесе маусымына қызметтер мен олжалардың құны осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша түрінде көрсетіледі.

7. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төлеу қамтамасыз етілгеннен кейін аңшы аң аулауға жіберіледі және олжа аңшының меншігі болып қалады.

4. Тараптардың жауапкершілігі

8. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты
б о л а д ы .

9. Тараптардың жауапкершілігі осы шартқа қол қойылған сәттен басталады.

10. Аңшы өзі тапқан олжадан бас тартқан жағдайда аңшылық сапардың құнын аңшы осы шартқа сәйкес толық төлейді.

5. Ерекше жағдайлар

11. Осы шарт қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді, 20__ жылғы «__»__
_____ дейін қолданылады және тараптардың өзара келісімі бойынша қолданылу
мерзімі аяқталғанға дейін бұзылуы мүмкін.

12. Осы шартқа барлық қосымшалар, толықтырулар мен өзгерістер жазбаша
түрде ресімделеді және оларға екі уағдаласушы тарап қол қойған сәттен бастап
к ү ш і н е е н е д і .

13. Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөз
арқылы, ал келісімге қол жетпеген жағдайда – заңнамада белгіленген тәртіппен
шешіледі.

6. Форс-мажор

14. Осы шарт бойынша міндеттемелерді тараптардың кез келгенінің толық
немесе ішінара орындауын мүмкіндік бермейтін еңсерілмейтін күш жағдаяттары,
атап айтқанда - өрт, табиғи апаттар, жұқпалы аурулар, індеттер, соғыстар, кез
келген сипаттағы әскери операциялар, қоршауға алу орын алған кезде, Қазақстан
Республикасы мемлекеттік органдарының құқықтық актілерінде көзделген
тыйым салу шаралары шыққанда, осы шарт бойынша тараптардың өз
міндеттемелерін орындау мерзімі рұқсат етілген аң аулау мерзімдері шегінде,
осындай жағдаяттар орын алатын мерзімге ұзартылады.

Осы шарт бойынша тараптардың өз міндеттемелерін орындау мерзімін
ұзартуы мүмкін болмаған жағдайда тараптардың әрқайсысының шарт бойынша
міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы бар және бұл жағдайда
тараптардың бірде бірінің басқа тараптан осы шартты бұзу келтірген залалдарды
өтеуін талап етуге құқығы жоқ. Міндеттемелерді орындауы мүмкін болмайтын
жағдай орын алған тарап бұл жайында басқа тарапты жазбаша түрде 5
күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге тиіс.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары

Аңшылық ісін пайдаланушы А ң ш ы

(толық атауы, заңды мекенжайы және деректемелері)
М.О.

(Т.А.Ә. тұратын еліндегі мекенжайы, құжаттық және басқа деректері)
Қолы

Е с к е р т п е :

Шартқа тараптардың өзара келісімі бойынша тараптардың әрқайсысының құқықтарын кемсітпейтін басқа да міндеттемелер енгізілуі мүмкін.

Төлем жасау шарттары орындалмайынша аң аулау жүргізілмейді.

Аңшымен шарт бірдей ұқсас баптар бір біріне ілестіре орналастырылып, «тіл» мәтіндерін сол бір бетке қатар бағаналар түрінде қою арқылы екі (үш) тілде жасалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
а у м а ғ ы н д а а ң а у л а у е р е ж е с і н е
2-қосымша

Аң аулау хаттамасы Hunting protokol

Аңшының тегі мен аты _____

H u n t e r ө с N a m e

Мекенжайы _____

Address

20 __ жылғы «__» _____ қауіпсіздік техникасымен және аң аулау
е р е ж е с і м е н т а н ы с т ы м

With the hunting rules and safety precautions is acquainted

/ А ң ш ы н ы ң Қ О Л Ы /

/Hunter's signature/

Аң аулау өткізілетін орын _____

Hunting area

А ң а у л а у д ы ө т к і з у у а қ ы т ы :

20 __ жылғы «__» _____ бастап

20 __ жылғы «__» _____ дейін _____ аң аулау күні

The hunting time: starting from till days of hunting

А ң а у л а у д ы ң н ә т и ж е л е р і

Results of hunting

	Ауланған жануар түрі / Animal's species		Олжаның сапасы (мүйіздерінің, бас сүйегінің, азу тістерінің мөлшері мен салмағы, терісінің көлемі

Күні/ Date	Қазақша	In English	Саны Quantity	және Quality of trophy (dimensions and weight of horns, skull, fangs, size of skin, etc)

Осы аң аулау хаттамасымен келісемін және аңшылық шаруашылығы ұйымына шағымым жоқ (бар, олар мынадай):

I agree with this hunting protocol and have no claims to the hunting enterprise (I have, they as follows):

Аңшы _____ / _____ /

H u n t e r

Аң аулау басшысы _____ / _____ /

H u n t i n g m a n a g e r

Аңшының мүддесін білдіретін тұлға _____ / _____ /

H u n t e r ' s r e p r e s e n t a t i v e b o d y

Аңшылық шаруашылығы

субъектісінің басшысы _____ / _____ /

Head of hunting enterprise

M.O.

Қазақстан Республикасының

аумағында аң аулау ережесіне

3-қосымша

нысан

АСКАНИЙ БҰҒЫСЫНЫҢ МҮЙІЗІНЕ АРНАЛҒАН ОЛЖАЛАУ ПАРАҒЫ

Аңшы _____

_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20__ жылғы «__» _____

Атып алу орны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері	Сомасы	Орташа мөлшері	Коэффициент	Балл
1. Мүйіздің ұзындығы, см: оң жақтағы сол жақтағы					
2. 1) Көз үстіндегі алғашқы қосымша бұтақшалардың ұзындығы, см: оң жақтағы сол жақтағы 2) Көз үстіндегі екінші қосымша бұтақшалардың саны (әр жағынан бір-бірден, дана)					
3. Тәж астындағы қосымша бұтақшалардың ұзындығы, см: оң жақтағы сол жақтағы					
4. Ашаның шеңбері: оң жақтағы сол жақтағы					
5. Көз үстіндегі қосымша бұтақшалардан жоғары тұрған мүйіз шеңбері: оң жақтағы сол жақтағы					
6. Тәжден төмен тұрған мүйіз шеңбері: оң жақтағы сол жақтағы					
7. Мүйіздер алшақтығы					
8. Мүйіздер салмағы, кг					
9. Қосымша бұтақшалар саны, дана: оң жақтағы мүйізде сол жақтағы мүйізде					
10. Тәж пішіні қарапайым, 12-16 см 6 қосымша бұтақша					
11. Мүйіздердің түр-түсі ашық					
12. Түйіршіктілігі мен ізділігі: ізі ірі, түйіршіктілігі орташа					
13. Қосымша бұтақшалар шеттерінің түр-түсі ақ					
Балдар сомасы Ақаулары үшін шегерім Ақаулар жоқ					
Түпкілікті бағасы					

М.О. Аң аулау басшысы _____
(Т . А . Ә . , қ о л ы)

Бағамен келісемін _____
(Т.А.Ә., қолы)

Қ а з а қ с т а н Республикасының
а у м а ғы н д а аң а у л а у е р е ж е с і н е
4-қосымша
нысан

ҚҰДЫР БАС СҮЙЕГІНЕ АРНАЛҒАН ОЛЖАЛАУ ПАРАҒЫ

Аңшы _____
_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20__ жылғы «__» _____
Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____
Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері	Балл
1. Бас сүйектің ұзындығы, см		
2. Бас сүйектің ені, см		
3. Азу тістің ұзындығы, см оң жақтағы сол жақтағы		
Түпкілікті бағасы		

М.О. Аң аулау басшысы _____
(Т . А . Ә . , қ о л ы)

Бағамен келісемін _____
(Т.А.Ә., қолы)

Қ а з а қ с т а н Республикасының
а у м а ғы н д а аң а у л а у е р е ж е с і н е
5-қосымша
нысан

МАРАЛ МҮЙІЗІНЕ АРНАЛҒАН ОЛЖАЛАУ ПАРАҒЫ

Аңшы _____
_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20__ жылғы «__» _____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Мүйіздердің ішкі алшақтығы	Оң жақтағы мүйіз	Сол жақтағы мүйіз	Балл айырмасы (шегерім)
1. Мүйіздер ұзындығы, см				
2. Бірінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, см				
3. Екінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, см				
4. Үшінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, см				
5. Төртінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, см				
6. Бесінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, см				
7. Бірінші және екінші қосымша бұтақшалар арасындағы мүйіз шеңбері				
8. Екінші және үшінші қосымша бұтақшалар арасындағы мүйіз шеңбері				
9. Үшінші және төртінші қосымша бұтақшалар арасындағы мүйіз шеңбері				
10. Төртінші және бесінші қосымша бұтақшалар арасындағы мүйіз шеңбері				
11. Мүйіздердің ішкі алшақтығы				
Ж и ы н ы Б а л л с о м а с ы Шегерім				
Түпкілікті бағасы, балл				

Қосымша көрсеткіштер	Оң жақтағы мүйіз	Сол жақтағы мүйіз	Өлшеу нәтижелері
12. Мүйіздер шеттерінің арасындағы қашықтық, см			
13. Мүйіздердің ең үлкен алшақтығы, см			
14. Қосымша бұтақшалар саны, см			
15. Кемістігі бар барлық қосымша бұтақшалардың жалпы ұзындығы, см			

М.О. Аң аулау басшысы _____
(Т.А.Ә., қолы)

Бағамен келісемін _____
(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасының
аумағында аң аулау ережесіне
6-қосымша
нысан

ҚАБАННЫҢ АЗУ ТІСТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОЛЖАЛАУ ПАРАҒЫ

Аңшы _____

_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20__ жылғы «__» _____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері, см	Сомасы	Орташа мөлшері	Коэффициент	Балл
1. Төменгі азу тістің ұзындығы с м : оң жақтағы сол жақтағы					
2. Төменгі азу тістің ені, мм: оң жақтағы сол жақтағы					
3. Жоғарғы азу тістің шеңбері, с м : оң жақтағы сол жақтағы					
Балл сомасы Ақаулары үшін шегерім Үстеме					

М.О. Аң аулау басшысы _____
(Т.А.Ә., қолы)

Бағамен келісемін _____
(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан
аумағында
7-қосымша
нысан

Республикасының
аң аулау ережесіне

СІБІР ЕЛГІНІҢ МҮЙІЗІНЕ АРНАЛҒАН ОЛЖАЛАУ ПАРАҒЫ

Аңшы _____

_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20__ жылғы «__» _____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері	Сомасы	Орташа мөлшері	Коэффициент	Балл
1. Мүйіздің ұзындығы: оң жақтағы сол жақтағы					
2. Мүйіздердің алшақтығы					
3. Бас сүйегімен құрғақ мүйіздердің салмағы Бас сүйекке шегерім, гр.					
4. Мүйіздер көлемі, см ³					
5. Мүйіздердің түр-түсі					
6. Төмпешіктігі					
7. Ашалар					
8. Қосымша бұтақшалардың үшкірлігі Бағалау көрсеткіштері					
Балл сомасы Мүйіздің әдемілігі үшін үстеме Қосымша бұтақшалардың ассиметриялылығы үшін шегерім					
Түпкілікті баға					

М.О. Аң аулау басшысы _____

(Т.А.Ә., қолы)

Бағамен келісемін _____

(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасының
аумағында аң аулау ережесіне
8-қосымша
нысан

БҰЛАН МҮЙІЗІНЕ АРНАЛҒАН ОЛЖАЛАУ ПАРАҒЫ

Аңшы _____

_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20__ жылғы «__» _____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері	Сомасы	Орташа көлем	Коэффициент	Балл
1. Мүйіздің шеңбері, см оң жақтағы сол жақтағы					
2. Мүйіздер алшақтығы, см					
3. Күрекшенің ұзындығы, см оң жақтағы сол жақтағы					
4. Күрекшенің ені оң жақтағы сол жақтағы					
5. Барлық қосымша бұтақшалардың жалпы ұзындығы, см					
6. Қос мүйіздегі қосымша бұтақшалар саны					
Балл сомасы Мүйіздердің жуандығы мен әдемілігі үшін үстеме Қосымша бұтақшалардың ұзындығындағы айырма үшін және мүйіздердің ассиметриялылығы үшін шегерім					
Түпкілікті бағасы					

М.О. Аң аулау басшысы _____

(Т.А.Ә., қолы)

Бағамен келісемін _____

(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасының
аумағында аң аулау ережесіне
9-қосымша
нысан

СІБІР ТАУ ТЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН ОЛЖАЛАУ ПАРАҒЫ

Аңшы _____

_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20__ жылғы «__» _____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері	Сомасы	Орташа мөлшері	Көэффициент	Балл
1. Мүйіздің ұзындығы, см оң жақтағы сол жақтағы					
2. Мүйіздің шеңбері оң жақтағы сол жақтағы					
3. Мүйіздердің алшақтығы, см					
Үстемелер: Мүйіздердің түр-түсі қоңыр Кедір-бұдырлылығы (сакиналар саны) орташа Симметриялылығы					
Түпкілікті бағасы					

М.О. Аң аулау басшысы _____
(Т.А.Ә., қолы)

Бағамен келісемін _____
(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасының
аумағында аң аулау ережесіне
10-қосымша
нысан

**ЖЫРТҚЫШ АҢДАР: ҚОҢЫР АЮ, ҚАСҚЫР, СІЛЕУСІН БАС
СҮЙЕКТЕРІНЕ
АРНАЛҒАН ОЛЖАЛАУ ПАРАҒЫ**

Аңшы _____

_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20__ жылғы « ____ » _____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері	Балл
1. Бас сүйегінің ұзындығы, см		
2. Бас сүйегінің ені, см		
Түпкілікті бағасы		

М.О. Аң аулау басшысы _____

(Т . А . Ә . , қ о л ы)

Бағамен келісемін _____

(Т.А.Ә., қолы)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
а у м а ғы н д а а ң а у л а у е р е ж е с і н е
11-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында жануарларды аулауды өткізу мерзімдері

Жануарлар түрлері	Аң аулау мерзімдері
Су тышқан (ондатра)	1 қазан - 15 ақпан
Кәдімгі тиін	20 қазан - 15 ақпан
Жанат тектес ит, қарсақ, түлкі, бұлғын, құну, сарғыш күзен, ақ қалақ, ақкіс, сары күзен, сасық күзен, американ су күзені, кәмшат (ортаазиялықтан б а с қ а с ы) , Сілеусін (түркістандықтан басқасы), жанат, қоян (құм қоян, ақ қоян, ор қоян)	1 қараша - 15 ақпан (аң аулайтын ит түрлерімен және аушы жыртқыш құстармен қарсақ, түлкі және қоян аулау солтүстік аймақта** (15 қазаннан бастап аулау)
Зорман (сары тышқан)	ұйқыдан шыққаннан бастап - 30 сәуірге дейін
Суырлар*	15 маусымнан бастап ұйқыға жатқанға дейін

Шалшықшылар, жылқышы	1 шілдеден бастап 30 қарашаға дейін (аталық жылқышыны көктемгі аулауға 1 наурыз-30 сәуір кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Бөдене, кептер, түркептер	20 тамыздан бастап 30 қарашаға дейін (аң аулайтын иттермен және қыран құстармен 15 шілдеден бастап ұшып кеткенге дейін бөдене аулау)
Маймаққаз, қаз*, қарашақаз, үйрек*, қасқалдақ	қыркүйектің алғашқы сенбісінен бастап 30 қарашаға солтүстік өңірлер бойынша**, 15 желтоқсанға дейін оңтүстік өңірлер бойынша *** (аталық үйректерді көктемгі аулауға 1 наурыз - 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Шіл (аққұр, тундралық, сұр, дала шілі, сақалды шіл), шіл	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 15 қарашаға дейін (аулайтын иттермен және аушы құстармен 15 тамыздан бастап)
Құр	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 30 қарашаға дейін солтүстік аймақтар бойынша**, 15 желтоқсанға дейін оңтүстік аймақтар бойынша *** (аталық құрларды көктемгі аулауға 1 наурыз - 5 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Қоңыр аю (тянь-шань аюынан басқа)	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 30 қараша аталықтары мен қысыр қалған аналықтарын көктемгі аулауға 15 сәуір - 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі
Борсық	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 31 желтоқсан
Марал, аскания бұғысы, қабан, құдыр, бұлан	1 қыркүйек - 31 желтоқсан
Сібір елігі	20 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін (аталығына 1 тамыздан бастап)
Сібір тау ешкісі	1 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін (аталығына 1 тамыздан бастап)
Саңырау құр	1 қазан - 30 қараша аталықтарын көктемгі аулауға 1 наурыз - 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі
Гималай ұлары, кекілік	1 қазан - 15 желтоқсан
Құндыз	15 қазан - 31 желтоқсан
Қырғауыл	15 қазан - 31 желтоқсан (аң аулайтын иттермен және аушы құстармен 1 қазаннан бастап)

Е с к е р т п е :

- * - Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерден басқа.
- ** - Солтүстік аймақ: Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Қарағанды облысының Осакаровка, Бұқар жырау, Нұра, Қарқаралы, Абай аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Күршім, Көкпекті, Катонқарағай, Жарма, Ұлан, Абай, Зырян,

Глубокое, Шемонаиха, Бородулиха, Бесқарағай аудандары,
сондай-ақ Семей және Риддер қалаларының әкімшіліктеріне
бағыныстағы жерлері.

*** - Оңтүстік аймақ: Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау,
Оңтүстік Қазақстан облыстары, Қарағанды облысының
Жанаарқа, Шет, Ақтоғай, Ұлытау аудандары, Шығыс Қазақстан
облысының Аягөз, Тарбағатай, Зайсан, Үржар аудандары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК